**СИЛЛАБУС**

**2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі**
**«6В02203-Дінтану» білім беру бағдарламасы**

| Пәннің ID және атауы | Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ) | Кредиттер саны | | | Кредит-тердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | Зерт. сабақтар (ЗС) | | |
| SRT 4308 - Қазіргі дінтану теориялары | 5 | 3 | 3 | 0 | 6 | 5 |

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

| Оқыту түрі | Циклы, компоненті | Дәріс түрлері | Семинар сабақтарының түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платфомасы |
|---|---|---|---|---|
| Оффлайн | Бейіндеуші пәндер. Таңдау компоненті | Проблемалық дәріс-консультациялар | Семинардың аралас түрі (пікірталас, дискуссия, баяндамалар) | Жазбаша емтихан, универ жүйесі |
| Дәріскер (лер) | Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы | | | |
| e-mail: | Kudaiberdi1981@gmail.com | | | |
| Телефоны: | 8 778 357 57 14 | | | |

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

| Пәннің мақсаты | Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* | ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) |
|---|---|---|
| Пәннің мақсаты – студенттерге діннің мәні мен табиғатын ғылыми тұрғыда түсіндіру, діннің қоғамдағы орны мен рөлін, тарихи-мәдени маңызын айқындау. Пәнді оқыту барысында дін феноменінің қалыптасуы мен дамуына қатысты негізгі теориялар мен тұжырымдамалар қарастырылады. Сонымен қатар, дінді зерттеудің философиялық, социологиялық, психологиялық, антропологиялық және салыстырмалы әдістері туралы түсінік беріледі. Пән мазмұнында әлемдік және дәстүрлі діндердің ерекшеліктері, олардың қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және рухани қызметтері қамтылады. Діннің қоғам өмірімен өзара байланысы, діни сананың құрылымы, діни институттар мен ұйымдардың қызметі және қазіргі заманғы діни үдерістер талданады. Сондай-ақ Қазақстандағы діни | 1. Діннің мәні мен табиғатын ғылыми тұрғыда түсіндіре алу; | 1.1 Діннің негізгі анықтамаларын, функцияларын және құрылымын айқындай алады; |
| | | 1.2 Діннің қоғамдағы рөлі мен тарихи маңызын нақты мысалдармен түсіндіреді; |
| | 2. Дінді зерттеудің негізгі теориялары мен әдістерін меңгеру; | 2.1 Философиялық, социологиялық, психологиялық, антропологиялық тәсілдерді ажыратып, сипаттай алады.; |
| | | 2.2 Әртүрлі теорияларды салыстырып, олардың дінге берген түсіндірмелерін талдайды; |
| | 3. Әлемдік және дәстүрлі діндердің ерекшеліктерін салыстырып талдау; | 3.1 Әлемдік және ұлттық діндердің ортақ және ерекше белгілерін айқындайды; |
| | | 3.2 Діндердің қоғамдағы мәдени және әлеуметтік ықпалын мысалдармен көрсетеді |
| | 4. Қазіргі діни ахуалды және мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды саралай алу; | 4.1 Қазақстандағы діни жағдайдың негізгі ерекшеліктерін сипаттайды; |
| | | 4.2 Мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасына ғылыми талдау жасайды |
| | 5. Дінге қатысты объективті, толерантты және сыни көзқарас қалыптастыру. | 5.1 Діни құбылыстарға бейтарап ғылыми пікір білдіреді; |
| | | 5.2 Мәдениеттер мен діндер арасындағы өзара түсіністік |

| | | |
|---|---|---|
| жағдайға, мемлекеттік-конфессиялық қатынастарға және діни толеранттылық мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне назар аударылады.<br>Бұл пән студенттердің дінге қатысты ғылыми, объективті және сыни көзқарасын қалыптастыруға, діни құбылыстарды бейтарап бағалауға және толеранттылық пен мәдениетаралық түсіністі дамытуға бағытталған. | | пен толеранттылық қағидаларын ұстанады. |
| **Пререквизиттер** | 100617 Дін саласын құқықтық реттеу | |
| **Постреквизиттер** | 68788 Дінтанулық сараптама әдістемесі | |
| **Оқу ресурстары** | Негізгі әдебиеттер:<br>1. Борбасова Қ. Діндер тарихы / : ЖОО-на арналған оқу әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014 – 150 б.<br>2. Дінтану: оқу құралы / Н.Ж.Байтенова, А.Д.Құрманалиева, Ш.С.Рысбекова және т.б. - Алматы : Қазақ университеті, 2019.<br>3. Қазіргі заманғы дінтану негіздері [Мәтін] : Оқулық / Ғ. Маймақов. - Алматы : [б. и.], 2012. - 235 б.3.<br>4. Айтбаев О. Дінтану. Қарағанды: «Санат-Полиграфия» баспасы, 2009<br>5. Исламдағы секталар мен бағыттар [Мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Н. Ж. Байтенова Б. Қ. Бейсенов С. В. Абжалов; Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті... – Алматы: Қазақ университеті, 2013.<br>Қосымша:<br>Дінтану: оқу құралы / А. Омаров ; ҚР Білім және ғылым мин-гі... – Астана : [б. ж.], 2011. - 230 б.**Зерттеушілік инфрақұрылымы**<br>Аудитория, діни орындар және діни бірлестіктердің ресми сайттары мен әлеуметтік желідегі парақшалары<br>**Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы**<br>1.Scopus<br>2. Google scholar<br>**Интернет-ресурстар:**<br>1 http://elibrary.kaznu.kz<br>2 http://www.niac.gov.kz/ru<br>3 Мир религий: http://www.religio.ru/<br>4 Cambridge dictionary //http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/proselytize<br>5 *https://www.britannica.com*2. | |
| | | |

| | |
|---|---|
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докоранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. |

**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/е-mail 87078075243 28_dinar@mail.ru арқылы кеңестік көмек ала алады.

**MOOC интеграциясы (massive openlline course). MOOC**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **MOOC**-қа тіркелуі қажет. **MOOC** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **MOOC**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

## БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі**

| **Баға** | **Баллдардың сандық баламасы** | **% мәндегі баллдар** | **Дәстүрлі жүйедегі баға** |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | Қанағаттанарлықсыз |
| D | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0.5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | Қанағаттанарлықсыз |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.

| **Формативті және жиынтық бағалау** | **% мәндегі баллдар** |
|---|---|
| Дәрістердегі белсенділік | 5 |
| Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 20 |
| Өзіндік жұмысы | 25 |
| Жобалық және шығармашылық қызметі | 10 |
| Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |

## БАКАЛАВР СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

| **№** | **Критерий/ балл** | **Дескрипторлар** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Өте жақсы** | **Жақсы** | **Қанағаттанарлық** | **Қанағаттанарлықсыз** | |
| | | **90–100% (27-34 балл)** | **70–89% (21-26 балл)** | **50–69% (15-20 балл)** | **25–49% (8-14 балл)** | **0–24% (0-7 балл)** |
| **1-сұрақ**<br>**33 балл** | **Курс теориясы мен концепциялар** | Сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, | **«Жақсы»** деген баға мәселенің толық, бірақ | «Қанағаттанарлық» баға билетте ұсынылған | Қойылған сұрақтарды дұрыс | Незнание основных понятий, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ын білу және түсіну** | әрбір қорытынды мен мәлімдемесі қамтылған егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық және жүйелі түрде құрастырылған, дәріс кезіндегі мысалдармен толықтырылған жауап үшін **«өте жақсы»** бағасы қойылады. | тереңдемей қамтылуын, негізгі ойлардың қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды баяндау логикасы мен реттілігі аздап өзгерген жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбау кездеседі. | сұрақтар толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, материалды баяндау логикасы мен реттілігі сақталмаған, конспектілердегі мысалдарда кездесетін теориялық ойларды қоспаған жауапқа қойылады. | қамтымау, қате аргументация, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны жасау | теорий Негізгі ұғымдар, теорияларды білмеу, қорытынды бақылауды өткізу ережелерін бұзу. |
| **2-сұрақ**<br><br>**33 балл** | **Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану** | Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу; | Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; курста ғылыми тілдік нормаларды сауатсыз қолдану; | Материал қысқаша үзінділермен берілген, логикалық жүйелілік бұзылған, фактілік және мағыналық қателіктер жіберілген, курс бойынша теориялық білім үстірт пайдаланылған. | Тапсырманы шешудің қисынсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; мәселелерді шешу, жалпы тапсырмаларды орындау қабілетсіздігі; шектен тыс қателер мен олқылықтарға жол беру. | Тапсырмаларды шешу үшін білім мен алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар мен жалпылаулар жасай алмау. Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу. |
| **3-сұрақ**<br>**34 балл** | **Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтижені негіздеу** | Ғылыми қағидаларды және қолданбалы әдістеме мен технологияны дәйекті, логикалық және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, материалды баяндаудағы жалпы дұрыс қорытындыға әсер етпейтін 1-2 нақты емес тұжырымдарға жол беріледі (+негіздеме нәтижелерін графикалық деректер арқылы визуализациялау). | Тапсырманы орындаудың жалпы жақсы деңгейіне әсер етпейтін тұжырымдамалық материалды пайдаланудағы 3-4 нақты емес ойларға, жалпылау мен қорытынды жасауда болмашы қателіктерге жол беріледі. | Негізделген ғылыми ережелердің қолдану мүмкіндігі туралы тұжырымдар бұлыңғыр және сенімсіз, стильдік және грамматикалық қателер, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеудегі қателіктер бар. | Тапсырма өрескел қателермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, концептуалды материал мен аргументация нашар пайдаланылды. | Тапсырма орындалмаған, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, материалдар мен талдау құралдары пайдаланылмаған. Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу. |
| **Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.** | | | | | | |

| Аптасы | Тақырып атауы<br>Модуль 1. Діннің пайда болу теориялары | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| 1 | **Д 1.** Пәннің мақсаты мен міндеттері. Силлабусты таныстыру. | 2 | |
| | СС 1. Дінтану теорияларына жалпы шолу | 4 | 8 |
| 2 | **Д 2.** Діннің қоғамдағы орны мен қызметі. | 2 | |
| | **СС 2.** Діннің пайда болуы туралы теориялар: Эдвард Та́йлор - анимизм, «Первобытная культура» еңбегін талдау. | 4 | 8 |
| | **ОБӨЖ 1. БӨЗ 1** орындау бойынша кеңестер | | |
| 3 | **Д 3.** Дін феноменін зерттеудің өзектілігі. Дінге деген мұсылмандық теологиялық көзқарастар. | 2 | |
| | **СС 3.** Діннің пайда болуы туралы батыстық теориялар: Эмиль Дюркгейм – тотемизм. The Elementary Forms of Religious Life еңбегі. 1912 ж. | 4 | 8 |
| 4 | **Д 4.** Дін теориясында пра-монотеизмді жақтаушы ретінде Вильгельм Шмидт (1868–1954) тұлғасы. Р. Петтаццониге айтқан сыны. «О теории прамонотеизма»: талдау. | 2 | |
| | **СС 4.** Вильгельм Шмидт (1868–1954) «Құдай идеясының бастауы» еңбегін талдау. | 4 | 8 |
| 5 | **Д 5.** «Прамонотеизм» өкілі ретінде Эндрю Лэнг. Талдау: https://predanie.ru/book/204354-proishozhdenie-religii/ | 2 | |
| | **СС 5.** Макс Мюллер (1823–1900) тұлғасы, еңбегі және теологиялық көзқарастары. | 4 | 8 |
| | **БӨЗ 1. Джеймс Фрейзер - магия, «Золотая веть» еңбегі, мазмұнын талдау. Әр бөлімге Mind map жасау.** | | 18 |
| | **Модуль 2. Дінді пәнаралық зерттеудің классикалық теориялары** | | |
| 6 | **Д 6.** Дінді зерттеудің философиялық теориялары. Философия тарихындағы дін түсінігі (Антикалық дәуір, орта ғасырлар, Жаңа дәуір т.б.). | 2 | |
| | **СС 6.** Философия тарихындағы дін түсінігі (Антикалық дәуір, орта ғасырлар, Жаңа дәуір т.б.) https://adamalemijournal.com/index.php/aa/article/view/64/45 | 4 | 8 |
| | **ОБӨЖ 2. БӨЗ 2** орындау бойынша кеңестер | | |
| 7 | **Д 7.** Қазақ философиясында дін тақырыбы | 2 | |
| | **СС 7.** Қазақ ойшылдары еңбектеріндегі дін, сенім тақырыбы | 4 | 8 |
| | **БӨЗ 2. Эмиль Дюркгейм «The Elementary Forms of Religious Life» 1912 ж. еңбегін мазмұнын талдау. Әр бөлімге Mind map жасау.** | | **18** |
| 8 | **Д 8.** Дінді зерттеудің социологиялық теориялары. Дін және социум. | 2 | |
| | **СС 8.** Дінді зерттеудің социологиялық теориялары: О.Конттың позитивизмі, Э.Дюркгеймнің діни әлеуметтануы, М.Вебердің дін және экономика концепциясы | 4 | **8** |
| | **ОБӨЖ 3. БӨЗ 3** орындау бойынша кеңестер | | |
| **Аралық бақылау 1** | | | **100** |
| 9 | **Д 9.** Дінді зерттеудің психологиялық теориялары. Дін және психология. | 2 | |
| | **СС 9.** Дінді зерттеудің психологиялық теориялары: З.Фрейдтің психоаналитикалық көзқарасы; К.Г.Юнгтің архетиптер теориясы; У.Джеймстің діни тәжірибе талдауы. | 4 | 8 |
| | **БӨЗ 3. Дінге қатысты сыни теориялар. Презентация.** | | 15 |
| | **Модуль 3. Қазіргі дінтанулық бағыттар және ұлттық контекст** | | |
| 10 | **Д 10.** Дінді зерттеудің антропологиялық теориялары. Дін және антропология. | 2 | |
| | **СС 10.** Дінді зерттеудің антропологиялық теориялары: (Тайлордың анимизм теориясы; Фрэзердің магия мен дін туралы көзқарасы); Малиновскийдің мәдени-антропологиялық тұжырымдамалары және К. Леви-Стросс зерттеулері. | 4 | 8 |
| 11 | **Д 11.** Дінді зерттеудің феноменологиялық бағыты. Дін және феноменология. | 2 | |
| | **СС 11.** Дінді зерттеудің феноменологиялық бағыты: Р.Оттоның «қасиетті» ұғымы; М.Элиаденің сакралды мен профанды түсіндірмесі | 4 | 8 |
| | **ОБӨЖ 4. БӨЗ 4** орындау бойынша кеңестер | | |
| 12 | **Д 12.** Дінді зерттеудің компаративистік (салыстырмалы) теориялары. Салыстырмалы дінтану мәселелері. | 2 | |
| | **СС 12.** Дінді зерттеудің компаративистік (салыстырмалы) теориялары: Әлемдік діндерді салыстыра зерттеу әдістері; Діндер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар. | 4 | 8 |
| | **БӨЗ 4.** М.Элиада: миф пен символдың құрылымы. Презентация жасау. | | 15 |
| 13 | **Д 13.** Діндердегі толеранттылық түсінігі. Қазіргі дінтанулық теориялар мен бағыттар. Дінтанудың жаңа бағыттары мен мәселелері. | 2 | |
| | **СС.** Қазіргі дінтанулық теориялар мен бағыттар: Функционализм, структурализм; Герменевтика және постмодерндік көзқарастар; Қазіргі діни процестерді зерттеудегі жаңа әдістер | 4 | 8 |
| | **ОБӨЖ 5. БӨЗ 5** орындау бойынша кеңестер | | |
| 14 | **Д 14.** Қазақстандағы дінтану ғылымының дамуы. Қоғамдағы діни жағдай. | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **СС 14.** Қазақстандағы дінтану ғылымының дамуы: Кеңестік кезеңдегі дінтанулық зерттеулер; Тәуелсіздік жылдарындағы дінтанулық зерттеулер. | 4 | 8 |
| | **БӨЗ 5. Джеймс Фрейзер - магия, «Золотая веть» еңбегін мазмұнын талдау. Әр бөлімге Mind map жасау.** | | 15 |
| 15 | **Д 15.** Дін және диалог және мәдени өзара әрекеттестік | 2 | |
| | **СС 15.** «Глокализация» теориясы | 4 | 7 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4 | 7 |
| | СС 15. «Глокализация» теориясы | | 100 |
| Аралық бақылау 2 | | | 100 |
| Қорытынды бақылау (емтихан) | | | 100 |
| Пән үшін жиынтығы | | | |

Декан ____________________ Б.Б. Мейрбаев

Кафедра меңгерушісі ____________________ А.Д. Құрманалиева

Оқу және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы ____________________ А.Б. Альчимбаева

Дәріскер ____________________ Қ.С. Бағашаров

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**
**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**БӨЗ 1. Джеймс Фрейзер - магия, «Золотая веть» еңбегі, мазмұнын талдау. Әр бөлімге Mind map жасау. (АБ 100%-ның 25%)**

| **Критерий** | **«Өте жақсы»** 20-25 % | **«Жақсы»** 15-20% | **«Қанағаттанарлық»** 10-15% | **«Қанағаттанарлықсыз»** 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| Еңбекке талдау жасау | Тақырыптың маңыздылығын толық ашып, Фрейзердің «Алтын бұтақ» еңбегінің негізгі идеяларын, магия мен діннің арақатынасы туралы тұжырымдамаларын толыққанды және терең талдайды. | Еңбектің негізгі идеяларын түсінгенін көрсетеді, бірақ талдауы тереңдікке жете бермейді. Кейбір тұжырымдамаларды нақты дәлелдермен байланыстыруда қиындықтар туындауы мүмкін. | Еңбектің жалпы мазмұнын түсінеді, бірақ автордың теорияларын толық меңгермеген. Талдау барысында негізгі идеялар мен дәлелдерді айыра алмауы мүмкін. | Тақырып бойынша негізгі ақпаратты игермеген. Еңбектің мазмұны туралы түсініксіздік танытады немесе мүлдем талдау жасай алмайды. |
| Мазмұндық талдау мен тұжырымдамалар | Тақырыптың маңыздылығын толықтай ашып, еңбектің негізгі бөлімдеріне сәйкес Mind map құрастырады. Картадағы әр бөлімге қатысты білімді толық меңгергендігін көрсетеді және оларды сауатты байланыстырады. | Тақырыптың негізгі бөлімдерін қамтитын Mind map жасайды, бірақ кейбір идеялар арасындағы байланыстар толық ашылмайды. Картадағы ақпарат орташа деңгейде ғана ұсынылған. | Mind map жасауға тырысады, бірақ ол логикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылмаған немесе мазмұны толық емес. Еңбектің әртүрлі бөлімдеріне қатысты білімі жеткіліксіз. | Mind map жасай алмайды немесе оның мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді. Берілген тақырып бойынша мазмұндық білімі жоқ. |
| Ұсыныстар мен жеке көзқарас | Тақырып бойынша өзіндік, бірегей пікір мен ұсыныстар білдіре алады. Талдауға қатысты өз көзқарасын дәлелдермен негіздейді және қосымша ақпарат ұсынады. | Талдауға қатысты өз ұсыныстарын білдіреді, бірақ олар терең талдаумен байланысты емес. Кейде өз пікірін дәлелдей алмауы мүмкін. | Ұсыныстар білдіруге тырысады, бірақ олар қарапайым және тақырыптың мәнін ашпайды. Жеке пікірін дәлелдермен қолдау қиынға соғады. | Ешқандай ұсыныс немесе жеке көзқарас білдірмейді. Тақырып бойынша сын тұрғысынан ойлау қабілеті жоқ. |
| SWOT талдау | SWOT талдауды толық және дәл орындайды. Тақырыптың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін терең зерттейді. Әрбір бөлімді нақты мысалдармен дәлелдейді. | SWOT талдаудың негізгі бөліктерін көрсетеді, бірақ кейбір аспектілері толық ашылмайды. Талдаудың кейбір тұстары қарапайым болып келуі мүмкін. | SWOT талдауды жасауға тырысады, бірақ оның мазмұны толық емес. Кейбір бөлімдері қате болуы немесе жеткіліксіз дәлелденуі мүмкін. | SWOT талдауды жасауға тырыспайды немесе оның мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді. |

**БӨЗ 2. Эмиль Дюркгейм «The Elementary Forms of Religious Life» 1912 ж. еңбегін аударып өткізу (АБ 100%-ның 25%)**

| Критерий | «Өте жақсы»<br>20-25 % | «Жақсы»<br>15-20% | «Қанағаттанарлық»<br>10-15% | «Қанағаттанарлықсыз»<br>0-10% |
|---|---|---|---|---|
| Еңбектің негізгі концепцияларын талдау | Дюркгеймнің «қасиетті» (sacred), «зайырлы» (profane) және «ұжымдық сана» (collective consciousness) ұғымдарын терең талдайды. Олардың арасындағы байланысты нақты мысалдармен көрсетеді. | Негізгі ұғымдарды түсінгенін көрсетеді, бірақ оларды талдау тереңдікке жете бермейді. Ұғымдар арасындағы байланысты толық аша алмайды. | Негізгі ұғымдарды (қасиетті, зайырлы) біледі, бірақ олардың маңыздылығы мен бір-біріне қатысын түсіндіруде қиындық көреді. | Негізгі ұғымдарды білмейді немесе оларды дұрыс түсіндіре алмайды. |
| Тотем және дін теориясын түсіндіру | Дюркгеймнің тотемизм теориясын толықтай ашып, оны діннің ең қарапайым формасы ретінде қалай қарастырғанын жан-жақты талдайды. Тотемге табынудың қоғамға табыну екендігі туралы негізгі идеяны дәлелдейді. | Тотемизмді діннің қарапайым түрі ретінде қарастырғанын біледі, бірақ оның қоғамдағы рөлі туралы тұжырымдаманы толықтай аша алмайды. | Тотемизмді жалпы сипаттайды, бірақ оның Дюркгейм теориясымен байланысын түсіндіруде қиындық көреді. | Дюркгеймнің тотемизм туралы теориясынан хабарсыз. |
| Діннің әлеуметтік қызметтерін талдау | Діннің біріктіруші, тәрбиелік және моральдық қызметтерін нақты мысалдармен дәйектеп, олардың қоғам үшін маңыздылығын терең талдайды. | Діннің негізгі қызметтерін атап көрсетеді, бірақ оларды толыққанды дәлелдей алмайды немесе мысалдары жеткіліксіз. | Діннің қызметтері туралы жалпы түсінік береді, бірақ олардың әлеуметтік маңыздылығын түсіндіре алмайды. | Діннің қоғамдағы қызметтері туралы білімі жоқ. |
| Кітаптың маңыздылығына талдау | Еңбектің социология және антропология ғылымдары үшін маңыздылығын бағалап, Дюркгеймнің тұжырымдамаларының осы салалардың дамуына қосқан үлесін көрсетеді. | Еңбектің маңыздылығын жалпы түрде сипаттайды, бірақ оның ғылымдағы орнын толықтай бағалай алмайды. | Еңбектің тарихи маңыздылығы туралы түсінігі бар, бірақ оны ғылыми контекстте түсіндіре алмайды. | Еңбектің жалпы мазмұны мен маңыздылығы туралы білмейді. |
| Еңбектің негізгі концепцияларын талдау | Дюркгеймнің «қасиетті» (sacred), «зайырлы» (profane) және «ұжымдық сана» (collective consciousness) ұғымдарын терең талдайды. Олардың арасындағы байланысты нақты мысалдармен көрсетеді. | Негізгі ұғымдарды түсінгенін көрсетеді, бірақ оларды талдау тереңдікке жете бермейді. Ұғымдар арасындағы байланысты толық аша алмайды. | Негізгі ұғымдарды (қасиетті, зайырлы) біледі, бірақ олардың маңыздылығы мен бір-біріне қатысын түсіндіруде қиындық көреді. | Негізгі ұғымдарды білмейді немесе оларды дұрыс түсіндіре алмайды. |
| Тотем және дін теориясын түсіндіру | Дюркгеймнің тотемизм теориясын толықтай ашып, оны діннің ең қарапайым формасы ретінде қалай қарастырғанын жан-жақты талдайды. Тотемге табынудың | Тотемизмді діннің қарапайым түрі ретінде қарастырғанын біледі, бірақ оның қоғамдағы рөлі туралы тұжырымдаманы толықтай аша алмайды. | Тотемизмді жалпы сипаттайды, бірақ оның Дюркгейм теориясымен байланысын түсіндіруде қиындық көреді. | Дюркгеймнің тотемизм туралы теориясынан хабарсыз. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қоғамға табыну екендігі туралы негізгі идеяны дәлелдейді. | | | |

**БӨЗ 3. Дінге қатысты сыни теориялар. Презентация.** **(АБ 100%-ның 25%)**

| **Критерий** | **«Өте жақсы»** 20-25 % | **«Жақсы»** 15-20% | **«Қанағаттанарлық»** 10-15% | **«Қанағаттанарлықсыз»** 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| Мазмұндық тереңдік | Діни өмірге қатысты кем дегенде үш негізгі сыншыл теоретиктердің (мысалы, Карл Маркс, Зигмунд Фрейд, т.б.) тұжырымдамаларын толық және жан-жақты талдайды. Олардың теориялары арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды салыстырады. | Кем дегенде екі сыншыл теоретиктердің негізгі идеяларын қарастырады. Алайда, теориялар арасындағы байланыстар мен айырмашылықтарды талдау тереңдікке жете бермейді. | Бір-екі теоретиктердің негізгі идеяларына үстіртін шолу жасайды. Теориялардың мазмұнын толық ашпайды. | Тақырып бойынша негізгі концепцияларды білмейді немесе оларды дұрыс түсіндіре алмайды. |
| Дәлелдік және мысалдар | Әрбір теорияны нақты мысалдармен (мысалы, діннің «апиын» ретіндегі рөлі, дін және невроз, т.б.) дәйектейді. Мысалдар тақырыптың мәнін толықтай ашуға көмектеседі. | Мысалдар қолданады, бірақ олар теорияларды толық дәлелдей алмауы мүмкін немесе жеткіліксіз. Мысалдардың тақырыппен байланысы әлсіз. | Мысалдарды сирек қолданады немесе мүлдем қолданбайды. Теориялардың нақты қолданысы туралы түсініксіздік танытады. | Теорияларды дәлелдеу үшін мысалдар келтіре алмайды. |
| Құрылым және логика | Презентацияның құрылымы өте анық, логикалық және жүйелі. Кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды нақты бөлініп, ойлар бірізділікпен баяндалады. | Презентацияның құрылымы бар, бірақ кейбір ойлардың реттілігі бұзылған немесе ауысуы қиын болуы мүмкін. | Презентацияның құрылымы әлсіз. Негізгі ойлар ретсіз баяндалған, бұл түсінуді қиындатады. | Презентацияның логикалық құрылымы мүлдем жоқ. |
| Баяндау және дизайн | Презентация мәтіні қысқа, нақты және түсінікті. Слайдтардың дизайны көрнекі және тақырыпқа сәйкес келеді. Суреттер, диаграммалар және т.б. тиімді қолданылған. | Мәтін түсінікті, бірақ кейде ұзақ болып келуі мүмкін. Дизайн қарапайым. Кейбір визуалды материалдар презентацияны толықтыра алмайды. | Мәтін толықтай немесе көп бөлігі оқылады. Дизайн қарапайым немесе тақырыпқа сәйкес келмейді. Визуалды материалдар жеткіліксіз. | Мәтін қате, ұзақ және оқуға қиын. Дизайн нашар және визуалды материалдар жоқ. |
| Мазмұндық тереңдік | Діни өмірге қатысты кем дегенде үш негізгі сыншыл теоретиктердің (мысалы, Карл Маркс, Зигмунд Фрейд, т.б.) тұжырымдамаларын толық | Кем дегенде екі сыншыл теоретиктердің негізгі идеяларын қарастырады. Алайда, теориялар арасындағы байланыстар мен | Бір-екі теоретиктердің негізгі идеяларына үстіртін шолу жасайды. Теориялардың мазмұнын толық ашпайды. | Тақырып бойынша негізгі концепцияларды білмейді немесе оларды дұрыс түсіндіре алмайды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және жан-жақты талдайды. Олардың теориялары арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды салыстырады. | айырмашылықтарды талдау тереңдікке жете бермейді. | | |
| Дәлелдік және мысалдар | Әрбір теорияны нақты мысалдармен (мысалы, діннің «апиын» ретіндегі рөлі, дін және невроз, т.б.) дәйектейді. Мысалдар тақырыптың мәнін толықтай ашуға көмектеседі. | Мысалдар қолданады, бірақ олар теорияларды толық дәлелдей алмауы мүмкін немесе жеткіліксіз. Мысалдардың тақырыппен байланысы әлсіз. | Мысалдарды сирек қолданады немесе мүлдем қолданбайды. Теориялардың нақты қолданысы туралы түсініксіздік танытады. | Теорияларды дәлелдеу үшін мысалдар келтіре алмайды. |

**БӨЗ 4. М.Элиада: миф пен символдың құрылымы. Презентация жасау (АБ 100%-ның 30%)**

| Критерий | «Өте жақсы»<br>20-25 % | «Жақсы»<br>15-20% | «Қанағаттанарлық»<br>10-15% | «Қанағаттанарлықсыз»<br>0-10% |
|---|---|---|---|---|
| Негізгі концепцияларды талдау | Мирча Элиаденің негізгі концепцияларын (мысалы, сакральді және зайырлы, мифтің мәңгі оралуы, архетиптер) терең талдайды. Мифтер мен символдардың сакральді кеңістік пен уақытты қалыптастырудағы рөлін толық ашады. | Элиаденің негізгі концепцияларын түсінгенін көрсетеді, бірақ олардың өзара байланысын немесе маңыздылығын толықтай аша алмайды. | Негізгі ұғымдарды (миф, символ) біледі, бірақ Элиаденің осы ұғымдарға берген ерекше анықтамаларын түсінуде қиындық көреді. | Тақырып бойынша негізгі концепциялардан хабарсыз. |
| Мысалдарды тиімді қолдану | Әрбір теориялық ұғымды әртүрлі мәдениеттер мен діндерден алынған нақты мысалдармен (мысалы, жаратылыс мифтері, ғибадатханалардың символикасы) дәлелдейді. Мысалдар тақырыптың түсінікті болуына ықпал етеді. | Мысалдар қолданады, бірақ олар аз немесе тақырыпты толықтай дәлелдей алмайды. Кейбір мысалдардың теорияға қатысы әлсіз. | Мысалдарды сирек қолданады немесе олар тақырыпқа сәйкес келмейді. | Мысалдар мүлдем жоқ. |
| Құрылым және логика | Презентацияның құрылымы өте анық, логикалық және жүйелі. Идеялар бір-бірімен тығыз байланысты. Слайдтардағы ақпарат бір ізділікпен берілген. | Презентацияның құрылымы бар, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы байланыс әлсіз. Ойлардың реттілігі кейде бұзылған. | Презентацияның құрылымы әлсіз. Негізгі ойлар ретсіз баяндалған, бұл түсінуді қиындатады. | Презентацияның логикалық құрылымы мүлдем жоқ. |
| Баяндау және дизайн | Презентация мәтіні қысқа, нақты және түсінікті. Слайдтардың дизайны көрнекі және | Мәтін түсінікті, бірақ кейде ұзақ болып келуі мүмкін. Дизайн қарапайым. Визуалды | Мәтін толықтай немесе көп бөлігі оқылады. Дизайн нашар. Визуалды материалдар жетіспейді. | Презентация нашар безендірілген, мәтін қателермен жазылған. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | эстетикалық. Диаграммалар, суреттер және т.б. тиімді қолданылған. | материалдар жеткіліксіз немесе тиімсіз қолданылған. | | |
| Негізгі концепцияларды талдау | Мирча Элиаденің негізгі концепцияларын (мысалы, сакральді және зайырлы, мифтің мәңгі оралуы, архетиптер) терең талдайды. Мифтер мен символдардың сакральді кеңістік пен уақытты қалыптастырудағы рөлін толық ашады. | Элиаденің негізгі концепцияларын түсінгенін көрсетеді, бірақ олардың өзара байланысын немесе маңыздылығын толықтай аша алмайды. | Негізгі ұғымдарды (миф, символ) біледі, бірақ Элиаденің осы ұғымдарға берген ерекше анықтамаларын түсінуде қиындық көреді. | Тақырып бойынша негізгі концепциялардан хабарсыз. |

**БӨЗ 5. Джеймс Фрейзер - магия, «Золотая веть» еңбегін аудару. Mind map жасау.**

| **Критерий** | **«Өте жақсы»** 20-25 % | **«Жақсы»** 15-20% | **«Қанағаттанарлық»** 10-15% | **«Қанағаттанарлықсыз»** 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| Мазмұндық талдау мен аударма | Еңбектің негізгі идеяларын, магия және оның түрлері туралы (сиқыршылық, жанасу магиясы), дінмен арақатынасын толыққанды әрі нақты аударады. Күрделі тұжырымдамаларды түсінікті жеткізеді. | Еңбектің негізгі идеяларын аударады, бірақ кейбір бөліктері толық ашылмайды. Терминдерді аударуда шағын қателіктер болуы мүмкін. | Мазмұнның тек негізгі бөліктерін аударады. Кейбір маңызды тұжырымдамалар жетіспейді немесе қате аударылған. | Аударма мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді немесе мүлдем жоқ. |
| Mind map құрылымы | Еңбектің мазмұны бойынша логикалық, жүйелі және толық Mind map жасайды. Картада негізгі тақырыптар (магия, дін, мифология), олардың тармақтары мен өзара байланыстары анық көрсетілген. | Mind map жасайды, бірақ кейбір бөлімдері толық емес немесе идеялар арасындағы байланыстар әлсіз. Негізгі тақырыптарды қамтиды, бірақ екінші деңгейлі ақпарат жетіспеуі мүмкін. | Mind map-тың құрылымы әлсіз. Негізгі идеялар ретсіз орналасқан немесе мазмұны толық емес. | Mind map мүлдем жоқ немесе оның мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді. |
| Дәлелдік және көрнекілік | Аударма мен Mind map-ты толықтыру үшін магиялық әдет-ғұрыптарға қатысты мысалдар келтіреді. Картадағы визуалды элементтер (суреттер, түс, белгілер) ақпаратты оңай қабылдауға көмектеседі. | Мысалдар қолданады, бірақ олар аз. Mind map көрнекілігі қарапайым. Визуалды элементтер тиімсіз қолданылған. | Мысалдар жетіспейді. Mind map-та визуалды элементтер мүлдем жоқ немесе олар ретсіз қолданылған. | Мысалдар мүлдем жоқ. Mind map көрнекілігі нашар, оқуға қиын. |
| Дербестік және ұйымдастыру | Аударма мен Mind map-ты дербес орындайды, жұмыс өте ұқыпты | Жұмысты дербес орындауға тырысады, бірақ кейбір | Жұмысты орындауда қиындықтар туындаған. Ұйымдастыруы нашар. | Жұмыс орындалмаған немесе басқа жұмыстың көшірмесі болып табылады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және ұйымдастырылған. Қажетті ақпарат толықтай қамтылған. | кемшіліктері бар. Жұмыс орташа деңгейде ұйымдастырылған. | | |
| Мазмұндық талдау мен аударма | Еңбектің негізгі идеяларын, магия және оның түрлері туралы (сиқыршылық, жанасу магиясы), дінмен арақатынасын толыққанды әрі нақты аударады. Күрделі тұжырымдамаларды түсінікті жеткізеді. | Еңбектің негізгі идеяларын аударады, бірақ кейбір бөліктері толық ашылмайды. Терминдерді аударуда шағын қателіктер болуы мүмкін. | Мазмұнның тек негізгі бөліктерін аударады. Кейбір маңызды тұжырымдамалар жетіспейді немесе қате аударылған. | Аударма мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді немесе мүлдем жоқ. |